

Жылдық есеп

2025–2026 оқу жылында Қамкоршылық кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді. Кеңестің негізгі мақсаты – білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық қолдау көрсету, оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасауға ықпал ету, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету және мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту болды.

Оқу жылы барысында Қамкоршылық кеңесінің жоспарлы отырыстары өткізіліп, қабылданған шешімдердің орындалуы тұрақты бақылауда болды. Кеңес мүшелері мектептің оқу-тәрбие үдерісіне қатысты маңызды мәселелерді талқылап, тиісті ұсыныстар енгізіп отырды.

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілер мен қайырымды азаматтардың көмегімен әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға оқу құралдары, мектеп формасы және басқа да қажетті заттар түрінде материалдық көмек көрсетілді. Бұл жұмыстар жана оқу жылына дайындықты сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Оқу жылы ішінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және бос уақыттың тиімді ұйымдастыру бағытында бірқатар іс-шаралар өткізілді. Қамкоршылық кеңесі осы жұмыстарға қолдау көрсетіп, тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуына белсенді атсалысты.

Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында демеушілік және қоғамдық қолдау арқылы оқу кабинеттерін жабдықтау, мектеп аумағын абаттандыру, жөндеу жұмыстарын жүргізу және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылды.

Мектептің әлеуметтік серіктестерімен байланысы нығайтылып, жергілікті ұйымдармен және кәсіпкерлермен ынтымақтастық орнату арқылы оқушыларға қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылды.

Қамкоршылық кеңесі мектеп әкімшілігімен, педагогикалық ұжыммен және ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған бастамаларды қолдап отырды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қамкоршылық кеңесі 2025–2026 оқу жылына арналған жоспардың негізгі бағыттарының орындалуын қамтамасыз етті деп есептейді.

2026–2027 оқу жылында:

- ✓ мектептің материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру;
- ✓ әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жұмыстарын жалғастыру;

- ✓ ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты нығайту;
- ✓ оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарды жетілдіру;
- ✓ білім сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау міндеттері белгіленеді.

Хатшы:



Жумабаева А.А